



2011 жылдың көктемі және күзінде азаматтарды шұғыл әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы N 738 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2011 жылғы 10 мамырда N 5-4-147 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 189 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 189 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, 2011 жылдың көктемі мен күзінде шұғыл әскери қызметке азаматтарды уақытында және сапалы шақыру мақсатында Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтемеген азаматтарды шұғыл әскери

қызметке кезекті шақыру өткізілсін.

2. Шақыру комиссиясы құрылсын (1-қосымша).

3. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген азаматтарды шұғыл әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін (2, 3-қосымшалар).

4. «Риддер қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Ә.Д. Олжабаев, келісім бойынша) төмендегілер ұсынылсын:

1) шақыру пункті жұмысқа дайындалсын;

2) дәрігер-мамандармен және шақыру пунктінің әкімшілігімен әдістемелік-нұсқаулық сабақтар өткізілсін;

3) шақыруды өткізуге қажетті құжаттама дайындалсын.

5. «Риддер қаласының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директорына (Г.С. Кітаппаева, келісім бойынша) төмендегілер ұсынылсын:

1) шақырылушыларды медициналық куәландыру үшін қаланың қорғаныс істері жөніндегі бөліміне қажетті дәрігерлер және орта медициналық қызметкерлер санын бөлу;

2) шақыру комиссиясының бағыттары бойынша шақырылушылардың уақытында және сапалы қаралуы және емделуін, қамтамасыз ету.

Азаматтардың медициналық куәландырылуы Риддер қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктінде жүргізілсін.

6. Пригородный ауылдық округінің әкімі (Е.К. Нұрмұхамбетов) және Үлбі кенттік округінің әкімі (Қ.Қ. Теленчинов) шақырылуға жататын азаматтардың шақыру пунктіне шақырылуға жататын етілсін.

7. Меншік түріне қарамастан, қаланың кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің басшыларына, Риддер қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктіне шақырылушы азаматтардың хабарландырылуы мен уақытында келуі бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

8. «Риддер қаласының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Р.Қ. Камзин, келісім бойынша) төмендегілерді қамтамасыз ету ұсынылсын:

1) шақыру комиссиясының жұмысы және шақырылушыларды әскери бөлімшелерге жөнелту кезеңінде, шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2) қаланың қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің хабарлауы бойынша шұғыл әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтарды қорғаныс бөліміне жеткізуге және іздестіруге ықпал ету.

9. «Риддер қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Т.В. Зайцева) 2011 жылға арналған қала бюджетімен қарастырылған қаражат шеңберінде, шақыру бойынша іс-шараларды орындаумен байланысты шығындардың

қаржыландырылуын жүзеге асырсын.

10. Риддер қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 7 мамырдағы № 1593 «2009 жылдың көктем және күзінде 1982-1991 жылы туған азаматтарды шұғыл әскери қызметке шақыруды жүргізу туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын (2009 жылғы 25 мамырдағы № 5-4-113 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2009 жылғы 5 маусымдағы № 23 «Вечерка» газетінде жарияланған).

11. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Риддер қаласының әкімінің орынбасары К.Г. Шушаковаға жүктелсін.

12. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Риддер қаласының әкімі

Д.Ю. Кавригин

Келісілді:

«Риддер қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Ә.Д. Олжабаев

2011 ж. 30.03.

«Риддер қаласының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы, подполковник

Р.Қ. Камзин

2011 ж. 30.03.

«Риддер қаласының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық

кәсіпорнының директоры

Г.С. Кітаппаева

2011 ж. 30.03.

Риддер қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 30 наурыздағы
№ 738 қаулысына

1-қосымша

**2011 жылдың көктемі мен күзінде
ер азаматтарды шұғыл әскери қызметке шақыруды жүргізетін
қалалық шақыру комиссиясының құрамы**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Риддер қаласы әкімдігінің 2011.10.21 № 1189 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Комиссия төрағасы:	Әлібек Дәуітұлы Олжабаев, «Риддер қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша)
Комиссия төрағасының орынбасары:	Елена Васильевна Соколова, Риддер қаласының әкімі орынбасарының міндеттерін атқарушы
Комиссия мүшелері:	Айбек Мамашұлы Жақанбаев, «Риддер қаласының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
	Ардагүл Ердосқызы Байсбаева, «Риддер қаласының медициналық бірлестігі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының терапевт-дәрігері (келісім бойынша)
Комиссия хатшысы:	Дария Қалиқанқызы Дюсупова, «Риддер қаласының медициналық бірлестігі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының медбикесі (келісім бойынша)

**Риддер қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 30 наурыздағы
№ 738 қаулысына
2-қосымша**

2011 жылдың сәуір-маусымында шақырылатын азаматтарды шақыруды өткізу кестесі

№ р/с	Туған жылы	Барлығы	Күні, айы, жылы, саны					
			Сәуір				Мамыр	
			1-8	11-15	18-22	25-29	2-6	9-13
1	1984	50		10	5	5	10	5
2	1985	55			10		10	10
3	1986	60			6	10		4
4	1987	75	10	10	10		10	
5	1988	80	10	10		10		
6	1989	80	10	10	10	10	10	10
7	1990	85			15			
8	1991	90	15		5		20	
9	1992	95	15	20	10	10		10
10	1993	130	10	10	10	10	10	10

кестенің жалғасы:

№ р/с	Туған жылы	Барлығы	Күні, айы, жылы, саны						
			Мамыр		Маусым				
			16-20	23-27	30-3	6-10	13-17	20-24	27-30
1	1984	50			5	5	5		
2	1985	55	10	10	5				
3	1986	60		5		10	5	10	10

4	1987	75			10		10	10	5
5	1988	80	10	10		10	10		10
6	1989	80			10		10		
7	1990	85	25			10		25	10
8	1991	90		10	10		10	5	15
9	1992	95		10		10	10		
10	1993	130	10	10	10	10	10	10	10

«Риддер қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

Мемлекеттік мекемесінің бастығы Ә.Д. Олжабаев

Риддер қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 30 наурыздағы
№ 738 қаулысына
 3-қосымша

2011 жылдың қазан-желтоқсанында шақырылатын азаматтарды шақыруды өткізу кестесі

№ р/с	Туған жылы	Барлығы	Күні, айы, жылы, саны						
			Қазан				Қараша		
			3-7	10-14	17-21	24-28	31-4	7-11	14-18
1	1984	20	10	10					
2	1985	60			20	20		20	
3	1986	80							
4	1987	80		20				20	
5	1988	80							20
6	1989	80	20	20	20	20			
7	1990	80	20		20		20		20
8	1991	100		20			20	20	
9	1992	120	20				20		
10	1993	100			10	10		10	10

кестенің жалғасы:

№ р/с	Туған жылы	Барлығы	Күні, айы, жылы, саны						
			Қараша			Желтоқсан			
			21-25	28-2	5-9	12-16	19-23	26-30	
1	1984	20							
2	1985	60							
3	1986	80	20		20	20	20		
4	1987	80	20	20					
5	1988	80			20		20	20	
6	1989	80							

7	1990	80						
8	1991	100	20	20				
9	1992	120			20	20	20	20
10	1993	100	10	10	10	10	10	10

*«Риддер қаласының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Ә.Д. Олжабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК